



Алматы қаласының 2021 жылға арналған бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Мерзімі біткен

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 9 қарашадағы № 4/567 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 қарашада № 25086 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 7-4) тармақшасына және 62-бабының 6-2 тармағына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Алматы қаласының 2021 жылға арналған бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ж. Бабақұмаровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Б. Сагинтаев

Алматы қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 9 қарашадағы
№ 4/567 қаулысына
қосымша

Алматы қаласының 2021 жылға арналған бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

р/с	Қосымша білім беру бағыттарының түрлері	Білім алушылардың және (немесе) тәрбиеленушілердің саны	Айына бір білім алушыға және (немесе) тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны, теңге
1	Туристік-өлкетану	300	15 995
2	Экологиялық-биологиялық	400	15 995
3	Ғылыми-техникалық	900	15 995
4	Әлеуметтік-экономикалық	900	15 995
5	Көркем-эстетикалық	900	15 995

6	Д е н е шынықтыру-спорттық	900	15 995
7	Музыкалық-аспаптық (мамандандырылған)	600	36 518
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға			
8	Көркем-эстетикалық	25	69 362
9	Д е н е шынықтыру-спорттық	50	69 362
10	Музыкалық-аспаптық (мамандандырылған)	25	69 362
	Жиыны	5 000	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК